

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНДЫҚ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ



ЕҢБЕКШІҚАЗАХСКОЕ
РАЙОННОЕ УПРАВЛЕНИЕ
САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ ДЕПАРТАМЕНТА
САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ АЛМАТИНСКОЙ
ОБЛАСТИ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

№30 ҚАУЛЫ
27.11.2020ж.
Есік қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 30
27.11.2020г.
город Есик

**Еңбекшіқазақ ауданының аумағындағы
карантин режимі және кейбір шектеу
шараларын енгізу туралы**

Мен, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Азербайев Миржан Амангелдыевич, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 104-бабының 2-бөлігіне, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы №57; «Карантиндік шаралар және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы №58; Алматы облысының бас мемлекеттік дәрігерінің «Алматы облысының аумағында карантин режимі және кейбір шектеу шараларын енгізу туралы» 20.11.2020ж. №32 қаулылары мен Алматы облысы, оның ішінде Еңбекшіқазақ ауданы аумағында COVID-19 коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай туралы материалдарды қарастырып, аудандық ведомствоаралық комиссияның шешіміне сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Еңбекшіқазақ ауданының аумағында карантин жалғастырылсын және кейбір шектеу шаралары енгізілсін. **Карантин режимі мен мерзімдері COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуы бойынша жағдайдың өзгеруіне сәйкес өзгертілуі мүмкін.**

2. Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі, Есік қаласы және ауданның ауылдық округтерінің әкімдері, аудандық полиция басқармасы, кәсіпкерлік бөлімі, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Еңбекшіқазақ аудандық филиалы келесі қызметтерді тоқтата тұруды қамтамасыз етсін:

2.1. залдарда 30-дан астам отыратын орыннан артық қоғамдық тамақтану объектілерінің (мейрамханалар, кофеханалар, дәмханалар, банкет залдары, фудкорт, асханалар, донерлік, барлар);

2.2. ойын-сауық объектілері, оның ішінде түнгі клубтар, кальян, көрмелер, букмекерлік кеңселер, бильярд, караоке, PS-клубтар, квесттер, антикафе, боулинг орталықтары, лото-клубтар, компьютерлік клубтар, сауда объектілеріндегі балалар ойын алаңдары, батуттар, жабық үй-жайлардағы аттракциондар

3. Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі, Есік қаласы және ауданның ауылдық округтерінің әкімдері, Еңбекшіқазақ ауданының полиция басқармасы және басқа да жұмылдырылған қызметтер қамтамасыз етсін:

3.1 Қазақстан Республикасы мен Алматы облысының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің қолданыстағы қаулыларын сақтау бойынша рейдтік тексерулер жүргізу жөніндегі мониторингтік топтардың жұмысын күшейту;

3.2 65 -жастан асқан азаматтардың көшеге шығуын шектеу;

3.3 ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, семинарларды, тренингтерді, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салу.

4. Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ» және «Қазпочта» АҚ Еңбекшіқазақ ауданы бойынша филиалдарының басшылары:

4.1 Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (оның ішінде арнайы ХҚКО, СаП орталықтар, Ореп Талдықорған сервис) кезегін алдын ала брондау бойынша жұмысы (сайтта Egov.kz, телеграмм-бот EgovKZBot2.0 коллцентр 1414) жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, демалыс күндері сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді (бетперде, қашықтықты сақтай отырып), онлайн форматта максималды қызмет көрсету;

4.2 «Қазпочта» АҚ бөлімшелердің онлайн көрсетілмейтін қызметтер үшін жұмыс күндері жұмыс кестесін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін белгілей отырып, үй-жайларындағы әлеуметтік қашықтық белгілері 2 метрден кем емес және күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, қызметкерлердің халыққа бір реттік қолғаптар мен медициналық бетпердеде қызмет көрсетуін, пошта хат-хабарларымен (хаттар, сәлемдемелер және т.б.) байланысты жұмыстарды жеке қорғану құралдарымен (халат, медициналық бетперде, қолғаптар) жүргізуін қамтамасыз етсін.

5. Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі, Есік қаласы және ауылдық округтер әкімдері, Еңбекшіқазақ ауданының кәсіпкерлік бөлімі мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының филиалы күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық және бетперде режимін, сондай-ақ әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, келесі қызмет түрлеріне рұқсат беруді қамтамасыз етсін:

5.1 қоғамдық тамақтану объектілерінде (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар) ашық ауада және залда 30-ден артық емес отыратын орын орнату, көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және бір үстелде 4 адамнан артық емес отыратын орын бар үй-жайда, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы №57 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» қаулысының (бұдан әрі – ҚР БМСД №57 қаулысы) талаптарын сақтай отырып, жұмыс күндері сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, осы қаулыда белгіленген жұмыс уақыты өткеннен кейін келушілердің түскі ас залында болуына тыйым салу. Бұл ретте ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізуге қатаң тыйым салынады;

5.2 азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың толтырылуы 30% - дан аспайды, үй-жайлардың ауданы 1 келушіге 4 м2 есебінен, кіреберістегі термометрия, жұмыс кестесі сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін;

5.3 келушілерді тек медициналық бетперде киюге рұқсат беруді қамтамасыз ете отырып косметологиялық қызметтер, маникюр және педикюр қызметтерін көрсететін сұлулық салондары, шаштараздар (алдын ала жазылу бойынша, 1 келушіге 4 ш. м. есебінен, ауысым бойынша жұмыс) жұмыс кестесін сағат 10 :00 ден 18:00 ге дейін;

5.4 алдын ала жазылу бойынша моншалар, сауналар, СПА орталықтары толымдылығы 50% - дан аспайтын, сондай-ақ 1 келушіге 4 шаршы метрден кем емес жағдайда, жұмыс кестесі сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін.

6. Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындар, кәсіпкерлік субъектілері және өзге де заңды және жеке тұлғалар демалыс және мереке күндері қызметін тоқтата тұруды қамтамасыз етсін:

6.1 қоғамдық тамақтану объектілеріне (мейрамханалар, кофеханалар, дәмханалар, банкет залдары, фуд корттар, асханалар, донерлік, барлар) келушілерді қабылдау бойынша отырғызу орындарының санына қарамастан, бұл ретте жеткізу арқылы қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмысын ұйымдастыруға рұқсат етіледі.

7. Карантин кезінде жұмыс жасайтын мемлекеттік органдар (ұйымдар, кәсіпорындар), сондай-ақ меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпкерлік субъектілері мынадай санитариялық және дезинфекциялық режимдерді сақтауы қажет:

7.1 көзбе көз режимде кеңестер (отырыстар) өткізуге тыйым салынсын (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда) ҚР БМСД №57 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес алгоритмді сақтай отырып өткізуге;

7.2 қызметкерлердің кемінде 70%-ы қашықтықтан жұмыс істеу нысанында қалдырылады (штаттық кестеде 30-дан астам қызметкер болған жағдайда);

7.3 маскаларды, қолғаптарды кию және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтау. Халыққа қызмет көрсететін объектілерді уақтылы ауыстыру үшін бір рет қолданылатын маскалармен және қолғаптармен және температураны өлшеуге арналған бұйымдармен қамтамасыз ету;

7.4 барлық объектілерде күшейтілген дезинфекциялық режимді қамтамасыз ету (қолды өңдеуге арналған санитайзерлерді, дезкілемшелерді орнату, беттерді күніне кемінде екі рет өңдеу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып үй-жайларды ылғалды жинау, желдету);

7.5 үй-жайларда келушілердің әлеуметтік қашықтығын қамтамасыз ету мақсатында 2 метрден кем емес таңбамен белгілеу;

7.6 ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарына сәйкес, қызметкерлер мен келушілердің санитариялық-карантиндік және шектеу шаралары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

8. Еңбекшіқазақ ауданының тұрғындары мен қонақтары:

8.1 5 жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ қоғамдық тамақтану орындарында тамақтану жағдайларын қоспағанда, үй-жайларда, қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікте маска режимін және кемінде екі метр әлеуметтік қашықтықты сақтау;

8.2 бір отбасы мүшелерін қоспағанда, 3 адамнан асатын топтармен жүріп тұруға тыйым салу;

8.3 адамдарды шақыруға және топтастыруға байланысты кез келген іс-шараларды (туған күндер, мерейтойлар, тойлар, еске алу және т. б.) өткізуге тыйым салу.;

8.4 респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері (мұрынның ағуы, түшкіру, температура) пайда болған кезде 103 нөмірі бойынша жедел медициналық көмекті шақыру жолымен медициналық ұйымдарға бармай-ақ, дереу үйде медициналық көмекке жүгінуді.

9. Еңбекшіқазақ ауданының полиция басқармасы:

9.1 COVID-19 бойынша байланыста болған адамдарды карантиндеу және провизорлық ауруханаға жатқызу орындарын, сондай-ақ үйде карантиндеу (науқастар мен байланыста болған адамдарды) орындарын күзету;

9.2 қоғамдық орындарды патрульдеу бойынша шараларды күшейту, бұқаралық іс-шаралардың (үйлену тойлары, еске алу және т.б.) өткізілуіне жол бермеу үшін қоғамдық тамақтану объектілеріне ерекше назар аудару, жоғарыда көрсетілген талаптарды бұзу немесе орындамау анықталған жағдайда дереу тиісті әкімшілік шараларды қабылдау;

9.3 карантиндік және шектеу шараларын бұзушылықтарды анықтаған кезде өз құзыреті шеңберінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде дереу шаралар қабылдауды, сондай-ақ профилактикалық мақсаттарда осы фактілерді БАҚ-та кеңінен жария етуді қамтамасыз ету.

10. Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі, Еңбекшіқазақ ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық және бетперде режимін сақтай отырып, сондай-ақ отыратын орындар санынан артық толтырмай, қызметке рұқсат беруді қамтамасыз етсін:

10.1 қоғамдық көлік жұмысын сағат 06-00 ден 23-00 дейін ұзартумен адамдарды тасымалдау бойынша қызметтерді;

10.2 ауданның елді мекендері арасында және аудан шегінен тыс жолаушыларды автотасымалдауды.

11. Есік қаласы мен Шелек ауылының автовокзалдардың басшылары:

11.1 автовокзал үй-жайларында, сондай-ақ қоғамдық орындарда қызметкерлер мен жолаушылардың медициналық маскаларды міндетті түрде киюін;

11.2 2 -метрден кем емес қашықтықты сақтау;

11.3 автовокзал ғимаратына кіре берістерде, сондай-ақ дәретханасында антисептигі бар санитайзерлерді орнату;

11.4 әр рейстен кейін көлік құралдарының салонын дезинфекциялау;

11.5 автовокзалдың жолаушыларды түсіруге және отырғызуға арналған барлық үй-жайларын, терминалдарын ылғалды жинау және дезинфекциялау жүргізу (күніне 2 реттен кем емес).

12. Еңбекшіқазақ ауданаралық көпсалалы ауруханасы, Шелек ауылының аудандық ауруханасының басшылары қамтамасыз етсін:

12.1 COVID-19 ауруын жоққа шығармайтын симптомдары бар науқастарға арналған провизорлық стационарлардың/бөлімшелердің жұмыс істеуін;

12.2 COVID-19-ды жұқтырудың жоғары тәуекелі болған адамдардың карантинін және COVID-19-бен ауыратын науқастармен байланыста болған адамдарды тасымалдауды;

12.3 COVID-19-ды жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар пациенттерді шұғыл көрсетілімдері бойынша емдеуге жатқызу үшін көп бейінді стационарлардың жұмыс істеуін;

12.4 ҚР БМСД №57 қаулыға 2-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарын аймақтарға бөлуді және жұмыс режимін сақтауды;

12.5 барлық денсаулық сақтау ұйымдарында COVID-19 жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар пациент анықталған жағдайда оны оқшаулау үшін көрсетілетін медициналық көмектің ерекшелігін ескере отырып, үй-жайлар бөлуді;

12.6 пациенттердің күнделікті ағымын (басқа да нозологиялық аурулар бойынша) COVID-19 ауруына күдікті пациенттермен қиылысуын болдырмай бөлуді;

12.7 инфекциялық және басқа да медициналық ұйымдарда эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтауды;

12.8 стационарлық денсаулық сақтау ұйымдарында карантинді сақтауды;

12.9 барлық медициналық ұйымдардың ҚР БМСД №57 қаулыға 4-қосымшаға сәйкес таза және лас аймақтарға бөле отырып, инфекциялық стационар қағидаты бойынша жұмыс істеуін;

12.10 қажет болған жағдайда уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарын (еңбекке жарамсыздық парағы) үйде карантиндегі адамдар үшін медициналық ұйымдарға бармай ресімдеуді;

12.11 стационарлық денсаулық сақтау ұйымдарында карантинді сақтауды;

12.12 COVID-19 кезінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу бойынша ауданның медициналық ұйымдарының барлық қызметкерлерін толық қамту арқылы жеке қорғаныш құралдарын пайдалану бойынша нұсқама жүргізуді;

12.13 әкімшілік қызметшілерді (бухгалтерия, кеңсе және т.б.), СӨС қызметі қызметкерлерін және нысанның қалыпты тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін қызметкерлерден басқа техникалық персоналды жұмыстың қашықтық түріне ауыстыруды.

13. Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі, Еңбекшіқазақ аудандық білім беру бөлімінің басшысы мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептерде ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды өткізуге тыйым салсын.

14. Ауданның ішкі саясат бөлімі, кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму бөлімі және бұқаралық ақпарат құралдарына:

14.1 халық арасында COVID-19 үй жағдайындағы таралуының алдын алу, жеке профилактикалық шаралар және ауру жағдайында мінез-құлық тактикасы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді жалғастыру;

14.2 осы қаулы барлық мүдделі органдардың, ведомстволардың назарына жеткізілсін, халықты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

15. Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі қамтамасыз етсін:

15.1 ҚР МБСД №57 қаулысының 23-қосымшасына сәйкес, әрбір рейс алдында қоғамдық көліктерді, автовокзалдарды, супермаркеттерді, базарларды, қоғамдық көлік аялдамаларын, жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерінің таяныштарын, спорттық снарядтарды, балалар және спорт алаңдарын, орындықтар мен орындықтарды, банкоматтарды, банк терминалдарын, POS-терминалдарды жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып өңдеу;

15.2 кондоминиумдарды басқару органдарымен, ПИК және көп пәтерлі тұрғын үйлерге қызмет көрсететін басқа да ұйымдармен бірлесіп:

- кестеге сәйкес кіреберістерде, лифтілерде, паркингтерде профилактикалық дезинфекциялау мен ылғалды жинауды жүргізу;

- кестеге сәйкес барлық жабдықтарға, шағын сәулет нысандарына, балалар алаңдарына және оларға іргелес аумақтарға дезинфекциялық құралдармен дезинфекциялық өңдеу жүргізе отырып, балалар және аула алаңдарының аумақтарын тазалауды жүргізу;

- респираторлық аурулардың, оның ішінде коронавирустық инфекцияның алдын алу мәселелері бойынша дезинфекциялық өңдеу жүргізу кестелерін және ақпараттық материалдарды хабарландыру тақталарында және басқа да көпшілікке көрінетін жерлерде орналастыру;

16. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің (объектілердің) басшылары, барлық жеке және заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, осы қаулының талаптарын қатаң сақтасын.

17. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

18. Осы қаулы 2020 жылғы 30 қараша 07 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

Еңбекшіқазақ ауданының
бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



М.Азербасев